



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№11

(895)

25 наурыз

2022 жыл

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ӘЗ НАУРЫЗБЕН ЖАҢАРҒАН

Наурыз

ТҮЙТКІЛ

БЕТОН ЖОЛДЫҢ АЗАБЫ

Ел арасында «бетонка» аталып көткен цемент бетонды жолдарда апат жиі болады. Әсіресе, қыс-күз мезгілдерінде бір мезетте ондаған көліктің соқтығысып жатқанын жиі естиміз. Өйткені қар мен жауынды былай қойып, тұман түссе, бетон жолдар көктайғаққа айналады. Тіпті Алматы-Қапшағай трассасында коньки тегіп жүргендерді де көрдік. Тақтайдай тегіс, 50 жылға шыдас беретін бұл жолдар біздің климаттық жағдайға бейімделген бе? Ауасы ылғалды, жауын-шашын көп болатын өңірде бетон жолдағы «бейнетті» азайту үшін не істеу керек? Осы және өзге де сұрақтарға жауап алу үшін техника ғылымдарының докторы, профессор, жол саласының ардагері Әбді Қиялбайұлымен сұхбаттасқан едік.



Жас qazaq: Әбді аға, жол саласын қырық жылдан бері зерттеп жүрген ғалым ретінде бірнеше сұрағымыз бар. Бетон жолдарда көлік апаты көп болады. Тұман түссе, жолдың беті көктайғаққа айналады. Осы бетон жолдар бізге керек пе?

Ә.Қиялбайұлы: Бетон жол өте берік. Ол ұзақ жылға жарайды. Бірақ Қазақстанның ауа райына есептелмеген. Біздің климат ылғалды. Цемент ылғалды тез сіңіретін материал.

(Жалғасы 3-бетте)

ДЕРТПЕН КҮРЕС

Сіз естіп пе едіңіз, табан ақы, маңдай терін бұлдамай, өскелең ұрпақтың қамы үшін деп бір ай емес, екі ай емес, бір жыл бойы тегін еңбек еткен адамдар туралы. Иә, қайырымды, мейірімді атымтай-жомарт жандардың жасаған жақсылығын, көрсеткен қамқорлығын естіп-біліп жүрміз. Ал енді жыл он екі ай жалақы алмай, тіпті алу былай тұрсын, атқарған жұмысын бұлдамаған жан бар. Ол кісі кезінде ұлттық өнеріміз – қазақ күресіне көңіл онша бөлінбей, назардан тыс қалғанда туған жерінде қазақ күресінен үйірме ашып, ауыл балаларын баулыған бапкер. Бір жыл бойы тегін сабақ өтіп, қазынадан да, қарапайым халықтан да бір тиын бұлдамаған. Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» төсбелгісінің иегері, Отырар ауданының құрметті азаматы, бұл күнде жасы жетпіске таяса да кәсіпкерлік саланы өрістетіп, отбасының ырыс-берекесін арттырып келеді.

Оңалбек Өтебайұлымен әңгімеміздің арқауы қоғамдағы масылдық пен жалқаулық тақырыбына арналды.

Оңалбек ӨТЕБАЙҰЛЫ, кәсіпкер:

ЖАСТАР МАСЫЛДЫҚҚА БОЙ ҮЙРЕТПЕУІ КЕРЕК



Жас qazaq: Оңалбек аға, сізді ауылдастарыңыз, яғни Түркістан облысы Отырар ауданы Қоғам ауылының тұрғындары кезінде бір жыл бойы балаларды тегін спортқа баулып, сабақ өткеніңізді жыр ғып айтады. Осыны «өзге емес, өзім айтам өз жайымда» деп Қасым Аманжолов жырлағандай, өзіңізден естісек. Өзгелерге үлгі боларлық қасиет қой, дәл қазіргі қоғамға жетіспейтіні де осы мәрт мінез секілді.

Оңалбек Өтебайұлы: Айтсам, мақтанғандай болармын, десе де сұрап отырсың ғой. 1976 жылы кіндік қаным тамаған туған ауылымда қазақ күресінен үйірме аштым. Отан алдындағы борышымды өтеп, жоғары оқу орнын бітірген жас маманмын. Ауылдың қарасирақ балаларын қазақ күресіне баулып, аудандық, облыстық, тіпті республикалық турнирлерде шәкірттеріміз оза шауып, төл өнеріміздің қыр-сырын керемет менгергендігімен көзге түсті. Тіпті облыстық жарыста командалық есепте 16 мәрте жеңгенбіз. Отырар ауданының командасында негізінен өзімнің баптаған шәкірттерім жақсы күресіп дараланды. Кейін тәуелсіздік алған соң, нарықтық экономика дендеп енгенде кәсіпкерлікке бет бұрып, Алматыға қоныс аудардым. Арада бірнеше жыл ауаған соң ауылыма барсам, баяғы өзімнің ашқан күрес үйірмесіндегі шәкірттерімнің орнын басар, жеңісті жолын жалған жампоздар жоқ. Облыстық турнирлерді 16 мәрте ұтқан Қоғам ауылының қазақ күресінен көрсеткіші құлдырап кетіпті. Жаным ауырды, қатты батты. Содан тәуекелге бел буып, ауылыма қайта келіп, бір жыл бойы ешкімнен еңбекақы сұрамай, балаларды қазақ күресіне баулыдым. Жастардың көзіндегі ұшқын қайтадан от ала бастады. Жігерін жанып, жеңіс тұғырына қайта көтерілдік.

(Жалғасы 3-бетте)

ЕСТЕЛІК

Қайран Шәке!..



Шәмші қызыл-қоңыр тақиясын оң қолымен бірер қозғап қойып, жымың-жымың етіп, маған қуақылана қарады да: – Менің мына жеріме, – деп омырауын сипалады, – шірегенде бес-алты орден-медаль сияды, оның

өзін де асты-үстілі етіп тақсаң, ал сен үшеуіңнің омырауларыңа бір-бір шелек орден еркін сияр еді, амал не, кім беріп жатыр! – деді. Сол сәтте төртеуіміздің қарқылымыздан төңірек теңселіп кеткен шығар-ау!..

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
120,69

DOLLAR
501

EURO
545

РУБЛЬ
5



ҮКІМЕТ

Бүгінгі күні ел Үкіметі алдында әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған іс-қимыл жоспарын орындау, импорт алмастыру жұмыстарын жүзеге асыру міндеттері тұр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау мақсатында мемлекеттік органдар отандық өңдеу өнеркәсібіне терең талдау жүргізді. Соның нәтижесінде оның әлеуеті анықталып, салалар бойынша бәсекелестік артықшылықтары, сондай-ақ өнеркәсіпті одан әрі дамытудың әлеуетті салалары айқындалды. Сондай-ақ экономиканы монополиясыздандыру мәселесі талқыға түсті.

444 ЖОБА, 88 МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ

Өткен жылғы деректерге сүйенсек, сырттан 38,3 млрд долларға өңдеу өнеркәсібінің өнімдері әкелінген. Машина

сомасы 1,4 трлн теңгеге 90 жобаны іске қосу жоспарланды. Осы орайда Премьер-Министр Әлихан Смайылов бір ай ішінде өңірлер бойынша импорт алмастыру бағдарламасын әзірлеп, бекітуді тапсырды. «Әлемде қалыптасқан геосаяси жағдайға байланысты бұл — аса өзекті мәселе. Сондықтан осы бағыттағы жұмысты жандандырып, импорт алмастыратын жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту қажет», — делі Үкімет басшысы.

ЭТИКЕТКАНЫҢ ОРНЫНА QR-КОД

Сондай-ақ дағдарысқа қарсы шаралар жөніндегі жедел штабтың кезекті отырысында сауда саласындағы техникалық реттеу шаралары талқыланды. Бизнес қауымдастық өкілдері импортталатын тауарларға қатысты мемлекеттік және орыс тілдеріндегі этикеткалар мен қосымшаларды бекіту жөніндегі заңнама талаптарын уақытша алып тастауды ұсынды. Олардың уәжі бойынша, бұл этикетка әзірлеуге, оларды көбейтуге және бекітуге қатысты бизнес шығындарын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қарауына енгізуді тапсырды.

ЖЕКЕШЕДЕН – МЕМЛЕКЕТКЕ

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет жанынан экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссия құрылды. Оның құрамына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қаржы мониторингі, бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерінің бірінші басшылары, Үкімет мүшелері, Бас прокуратура және «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері кірді. Комиссияның міндеті — монополиясыздандыру бойынша ұсынымдар әзірлеу. Атап айтқанда, комиссия жұмысы шеңберінде телекоммуникация, теміржол инфрақұрылымы, медиа активтер және басқа салалардағы негізсіз жекешелендірілген нысандарды мемлекет меншігіне беру мәселелері қаралады. Осы аптада комиссияның алғашқы отырысы өтті. Әлихан Смайылов қаржы министрлігіне уәкілетті мемлекеттік органдармен және «Самұрық-Қазына»

ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ. МОНОПОЛИЯДАН АРЫЛУ

жасау (16,4 млрд доллар), химия өнеркәсібі (3,2 млрд доллар), кара металлургия (2,4 млрд доллар), жеңіл өнеркәсіп (2,2 млрд доллар), түсті металлургия (679 млн доллар) өнімдері және құрылыс материалдары (1,4 млрд доллар) көп көлемде жеткізіледі.

Жүргізілген талдау негізінде импорт алмастыру бағдарламасының жобасы әзірленді. Жобаны жүзеге асыру барысында импортты азайту, экспорттық артықшылықтарды және отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру көзделді. Әр аймақтың, сонымен қатар Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларының әкімдіктері өңдеу өнеркәсібі салаларындағы инвестициялық жобалар пулын дайындады. Бұл тізімге жалпы сомасы 13,3 трлн теңгені құрайтын 444 импорт алмастыру жобасы кірді. Оны жүзеге асырғаннан кейін 88 мың тұрақты жұмыс орны құрылуы тиіс.

Биылғы жылы Индустрияландыру картасы шеңберінде аймақтарда 10,8 мың жана тұрақты жұмыс орны құрылып, жалпы



Балама ретінде дүкен сөресінде тауар туралы барлық қажетті ақпаратты қамтитын тауарлық QR-кодтарды уақытша пайдалану ұсынылды.

Үкімет басшысы осыған байланысты Жарлық жобасын дайындап, шұғыл түрде

АҚ-мен бірлесіп, бір апта ішінде Үкіметке негізсіз жекешелендірілген нысандарды мемлекет меншігіне беру тетіктері бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Талап ТІЛЕГЕН



Нұрлан ЖҰМАҒҰЛОВ, Қазақстан мұнай-газ сервистік компаниялар одағының бас директоры:

«Қазақстан мұнайының 80 пайызы Каспий құбыр желісі консорциумы (КҚК) арқылы экспортталады. Бұл Теңіз, Қашаған және Қарашығанақта өндірілетін мұнай. Құбыр желісіндегі жөндеу жұмыстарына шамамен 1,5-2 ай уақыт көтуі мүмкін. Айына 4,5 млн тонна мұнайды өткізетін басқа балама жоқ. «Атырау – Самара» немесе Баку арқылы бір бөлігін жөнелтуге болады. Бірақ ол арқылы өтетін мұнай Urals маркасымен сатылады. Ол Brent маркасынан 30 пайызға арзан. Екі айдың ішінде бюджет түсімі 500 млрд теңгеге көмуі мүмкін».

Болат АҚШОЛАҚОВ, энергетика министрі:

«Барлық ірі кен орындарында жұмыс тоқтайтын кездер болып тұрады. Сондықтан КҚК-да жөндеу жұмыстары Қазақстан үшін қиындық тудырмауы керек. Жөндеу үш аптаға, ары кетсе, бір айдан аса уақытқа созылуы мүмкін».

Аптаның сауалы

КАСПИЙ ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ КОНСОРЦИУМЫНДАҒЫ АХУАЛҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚСТАНДА БЕНЗИН БАҒАСЫ АРЗАНДАУЫ МҮМКІН БЕ?



Сергей СМЕРНОВ, мұнай-газ нарығының сарапшысы:

«Мүмкін. Естеріңізде болса, біз мұндай жағдайды бастан өткергенбіз. Ресейде кезінде Еуро-4 стандартынан төмен мұнай өнімдерінің саудасына тыйым салынғанда, бізде баға төмендеді. Өйткені Қазақстанның ішкі нарығындағы ұсыныс сураныстан асып түсті. Мұнай қоймалары толғанда не мұнай өңдейтін зауыттарды тоқтатуға, не бағаны төмендетуге тура келеді».

Әлеумет.т⁰

КҮРЕ ЖОЛДЫҢ КІРІСІ БАР, ШЫҒЫСЫ БАР

Халықтың барлық тобының, соның ішінде көлік жүргізушілердің үніне құлақ тұру осы саладағы қоғамдық тыңдауларға қатысқанмен бірдей.

Айталық, барлық ақылы учаскелерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Жана құралдар мен жол белгілерін қою туралы, соның ішінде жүргізушілерге түнгі уақытта көмегі тиетін арнайы қондырғылар мен жарық шағылыстырғыштар, жабайы және үй жануарларынан қорғайтын қоршау жүйелері әлі де жеткіліксіз. Тіпті бар нәрсенің өзі, яғни жол қозғалысына қатысушылардың трафигі мен жылдамдығын мониторингілеу смарт-жүйелері, тәулік бойы істейтін 1403 нөмірлі call-орталықтың жұмысы тиімді пайдаланылмайды.

Сондай-ақ экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі бес жылға жоспарлап отырған 2 (екі) миллиард ағаш, тал егіп, көшет отырғызудың бір бөлігін жол жиектеріне арнаса деген ұсыныс бар. Әрине, оны өсіріп-баптаудың заманауи, тиісті технологиялары сақталуы тиіс. Жол қапталдарын көгалдандырудың, жасыл желекке бөлеудің қаншалықты қажеттігін айтудың өзі артық. Өйткені экологияның да сұрауы болады.

Ал жол бойындағы, демалыс орындары мен тұрақтардағы қоқыстарды жинау сапасының төмендігі, кемпингтер мен өзге де қызмет көрсету нысандарының маңы сол баяғы күйінде қалып отырғаны алаңдатады. Жалпы «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы ақылы жол өтетін өңірлердің жұртшылығы алдында ұдайы есеп беру тәжірибесін енгізу артық болмас еді. Осы тұрғыда, елімізде меншік түріне қарамастан, өзге де жол бойындағы мекемелердің тазалық, тәртіп жөнінде жауапкершілігі нақтылануға тиіс деп ойлаймыз.

Сонда біздің халықаралық, республикалық күре жолдарымызда да өркениетті елдердегідей тәртіп орнайтыны сөзсіз.



Дархан МЫҢБАЙ, Мәжіліс депутаты

МҰНАЙ ЭКСПОРТЫ (2021 ЖЫЛ, ТОННА)



ИТАЛИЯ	17,9 млн
НИДЕРЛАНДТАР	8,2 млн
ФРАНЦИЯ	4,6 млн
ҚЫТАЙ	3,6 млн
ТҮРКИЯ	3,5 млн
ИСПАНИЯ	3,5 млн
ОҢТҮСТІК КОРЕЯ	3,3 млн
РУМЫНИЯ	3,3 млн
ҮНДІСТАН	3,2 млн
ГРЕКИЯ	2,6 млн
СИНГАПУР	2,4 млн
ШВЕЙЦАРИЯ	2,25 млн
БАРЛЫҒЫ	65,7 млн (31,1 млрд \$)

Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы

Дертпен күрес

(Басы 1-бетте)

Қазір байыптап қарасам, біздің сол шаруамыз өз ісімізге деген ынтызарлық, құлай берілгендігіміз екен. Дүниені емес, адалдықты, абыройлы болуды, ең алдымен еңбектің нәтижесін көрсетсек деген мақсат болды.

Саған бір ғана жайтты айтайын, күреске икемі бар, білегі жуан балаларды байқап, ата-анасынан сұрап алу үшін есігінің алдында жалынып-жалпайып, басымызды еңкейтіп тұрамыз. «Менің балам ерігіп жүрген

жаттығуға саламыз. Мысалы, резеңкені жаттығу барысында 200 мәрте тартса, көтерінде тағы да 100 рет қосымша жасайды. Сонда оның төзімі шыңдалады, еріншектік мінезі жоғалады.

Jas qazaq: Осы күнде кәсіпкерлік саланы өрістетіп жүрсіз, жасыңыз жетпіске таяса да, жастарға қолғабыс етіп, ауырдың бір жағын көтерісіп жүретінінiзi де білеміз.

Оналбек Әуелбеков: Масылдық, жалқаулық, еріншектік бізге жат. Сөзіңнің жаны бар, жұмыскерлерді жұмсап қойып, тыныстап отыруыма да болады. Бірақ оған қимылдап үйренген қол мен аяқ тыным таптырмайды. Ал қазір

қозғаушы күші жастар дейміз, ал сол жастарымыздың бойынан жалқаулықты, масылдықты арылтқанда ғана біз алға басамыз.

Jas qazaq: Қайырымдылық іс-шараларында, қоғамдық жұмыстарда, демеушілік жасау жолында да сізді жиі көреміз. Жастарды масылдық пен жалқаулықтан қалай арылтамыз?

Оналбек Әуелбеков: Кезінде ауылда жерлерді таласып-тармасып бөліске салып, әркім иемденіп алдық. Қазір сол ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді кім игеріп отыр? Иесі емес, сырттан келетін жалдамалы жұмыскерлер. Қожайыны түскен табыстың пайдасын солармен

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Сол күн суытса, сол ылғал мұзға айналып, тайғанақ пайда болады. Цементті бетон жол салу мәселесі 2000 жылдары басталды. Алғаш рет Астана мен Шортандының арасына 238 шақырым жол төселді. Бірақ жап-жақсы жолды күреп тастап, артыңша бетон төседік. Неге дейсіз ғой? Өйткені сол кездегі депутаттар «Біз шетелге бардық, көрдік, осындай технология бар екен. Егер біз де осындай бетон жол төсесек, 18-20 жыл бүлінбейді» деп мәселе көтерді. Осы депутаттардың дабырасымен цемент бетонды жол төсеу туралы шешім қабылданып кетті. Ешқандай ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілместен, Шортандыға дейін бетон төсеп тасталдық. Ал негізінде эксперимент жүргізу үшін 10 шақырым жерге төселіп, жол саласының мамандарына кемі 5 жыл бойы зерттеп беріңдер деуі керек еді. Ғалымдар бұл жана технологияның артықшылығы, кемшілігі, пайдасы мен зиянын анықтап болмайынша, мемлекет ақша бөлмеуі тиіс. Бірақ біз «Нұр-Сұлтан – Қарағанды» (200 км), «Павлодар – Нұр-Сұлтан (441 км), «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» (шамамен 860 км), «Алматы – Шенгелді» (118 км) бағытында

төсегенді құптаймын. Бірақ бұдан технология бұзылады. Бетон жолда апат жиілеп, қаншама көлік қағылып, мыжылып жатыр. Осы шығынға қарасақ, бетонның бетіне асфальт жамылғысын төсеу керек.

Екіншіден, бізде цемент-бетонды жолды күтіп-баптайтын бірде-бір арнайы техника жоқ. Шетелдің тәжірибесін алдық, бірақ техникасына қолымыз жетпей жатыр. Өйткені бағасы өте қымбат.



Оңалбек ӘУЕЛБЕКОВ, кәсіпкер:

ЖАСТАР МАСЫЛДЫҚҚА БОЙ ҮЙРЕТПЕУІ КЕРЕК



теңдей бөліп алғанына мәз. Балаларын аққаптал етіп өсірген, қолын жылы суға ғана малып отырады. Не кием, не жеймін деп бас қатырмайды, ішкені алдында ішпегені артында, төрт құбыласы түгел. Астына жана мәшине мінгізеді. Масылдың, жалқаулықтың бұдан өткен қандай зоры бар? Ал енді сол баласын кішкентайынан жерді игеруге, егін егуге,

жөк, малды жайғайды, бақшаны суарады» деп жібермейді. Міне, біз өз ісімізге осылай қарадық. Біреуден келсін, айлығымызды арттырсын, ақшасын төлесін деген міндетсіну болған жоқ.

Jas qazaq: Бәріне топырақ шашып, даттаудан аулақпын. Десе де, алдына келген, жаттығуға сұранып тұрған жастарды жеңіс жолына бастайтын бапкерлердің қатары сирек. Оны көзіміз де көріп жүр.

Оналбек Әуелбеков: Мен алдыма келген балалардан ең әуелі тәртіпті талап еттім. Батыр Бауыржан Момышұлы атамыздың «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген тәмсілі бар. Тәртіп орнағанда ғана ісің ілгері басады. Өзім жаттығудан бес минутқа да кешікпеймін, шәкірттерімнен де соны сұраймын. Нәтижесінде, жетістігіміз де жоғары болды. Ал қазіргі жастардың ұғым-түсінік, таным көкжиегі мүлде бөлек. Ең алдымен материалдық құндылық озық тұр. Жаттығуға «келсең кел, келмесен өзін біл» деп қарап отырады. Тіпті жаттығу жолындағы спортшылардың жай-күйіне назар аудармайтын бапкерлер де бар.

Біз балаларды төзімділікке шындап, жалқаулықтан арылту үшін жаттығудан кейін тағы да

керісінше, жастардың энергиясы аз. Үнілетіні телефон, көретіні кино, сылдыр сулы әзілсымақ дүние. Әлжуаз сосын. Спорт шұғылданамын, қай спорт түрін таңдайсың, бәрі де қолжетімді қазір. Жаттығу залдары жарқырап жайнап, ашылып тұр. Бәрі сондай деп аузым жазықты болмасын, көзіммен көрген бір-екі мысал айтайын.

Жас жігіттер жұмыс сұрап келеді, бізде еңбекақы түсірген затының көлеміне, яғни атқарған жұмысына қарай төленеді. Соны азырқанады, істегісі келмейді. Сонымен қоймай, өзінің кежегесі кейін тартып тұрғанын басқаларға да сеуіп, үгіттеп ертіп кеткісі келеді. Олардың ойында ақша ауадан жауып, жеңіл жолмен тапқан тиімді екен. Қазақ «Еңбекпен тапқан нан тәтті» деп тегін айтпаған. Ал олар оны түйсінбейді, тіпті қолының сұғанағы барлары затымызды жымқырып та ұсталды. Ал енді кейбір төбесінде түйсігі бар балалар келеді. Тапқанын тірнектеп жинайды, қидыруға шашпайды, той-томалақ деп шабылмайды. Бес тиынын он тиынға құрап, ауылдағы ата-анасына қарайласады, жоғары оқу орнындағы бауырларына көмектеседі. Орта көрген, көргенді жерден шыққан жастар осындай болады. Қоғамның

бақша суаруға баулып, еңбекпен есейтсе, сырттан жұмыс күшін қажет етпес еді. Ұлдары мен қыздары да ақша табудың адал жолының қаншалықты ауыр екенін сезініп есейеді. Жалқаулықтан арылтатын бір ғана жол – ұлттық тәрбие, сапалы білім, еңбекке үйрету. Қалғанын сатып алсаң да, санасына сіңіре алмайсың.

Былтыр өзіміз тұратын үйіме жөндеу жұмысын жүргіздік. Хабарландыру бойынша бір жігіттер келіп көріп, еңбекақы қанша болатынын, неше күнде аяқтайтынын айтып кетті. Ақшасын алды, ал бірақ жұмысты тиянақты тындырмады. Ақыр соңында істемейтін болдық деді. Еңбегінің ақысы неше болатынын өздері айтып отыр және сол жұмысты тындыра алмады. Ал Қарақалпақстаннан келген адамдар олардан әлдеқайда аз сомаға жөңдейміз деп келісті де, айтқан мерзімде жөндеп беріп кетті. Міне, біздің қоғамның қазіргі көрінісі мен жұмыс істеуге қабілетті буынның бейнесі, болмыс-бітімі осындай.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет, аға жастарға үлгі көрсетіп, еңбек ете беріңіз.

Сұхбаттасқан
Қуаныш КӨШЕК

жалпы ұзындығы 1500 шақырымды құрайтын бетон жол төседік.

Jas qazaq: Басқа мемлекеттердің зерттеуіне де көз жүгіртпедік пе? Көріші елдерде бұл технология бар ма өзі?

Ә.Қиялбайұлы: Қазақстанда бетон жол төселгеніне Ресей, Беларусь, Украина елдері қатты қуанды. Өйткені біздің ел жана технологияны сынайтын алаңға айналды. Ираннан келген мамандар зерттей бастады бетон жолдарды. Сол Иранда да, Ресейде де бетон жол деген атымен жоқ. Өйткені олардың ауа райына бұл жолдың қолайсыз екеніне көздері жетті. Теріскейдегі ең керемет жол Варшава – Москва арасы. Бірақ бетон емес. Мен сол жолды бастан-аяқ көлікпен жүріп өткен адаммын. Бір қызығы, осы технология біздің елге келгенде Қазақстан ғылыми-зерттеу институттары мен жеке ғылыми-консалтингтік компанияларға ешбір

Jas qazaq: Соңғы отыз жылдағы жол саласындағы өзгерістерді айтыңызшы. Қазақстандағы жолдардың сапасы жақсарды ма?

Ә.Қиялбайұлы: 1949 жылы әуірімдеп жүріп, жолдың ұзындығын 96,5 мың шақырымға жеткіздік. Біз жолды кеңітіп, биіктетіп, шетелдік стандартқа сәйкес келтіріп жатырмыз. Бұрын екі жолақ болса, қазір 6 жолақты етіп кеңейттік. Кеңес үкіметі кезінде осы жолдармен шамамен 650 мың көлік жүрді. Ол талапқа сай болатын. Қазір елімізде 4,5 млн көлік бар. Біз ескі асфальтты сыпырып тастап, орнына жана жамылғы төсеумен ғана айналысып жатырмыз. Қызылорда мен Жезқазғанның ортасына 450 шақырым жол сала алмай отырмыз. Ақтөбені айнамай-ақ Сағыз арқылы Аттырауға баратын тіке жол бар. Оны да сала алмадық.

Jas qazaq: 2019 жылы «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» құрылды. Зертханалар



тапсырма берілген жоқ. Цемент бетонды жамылғының табиғи жер ресурстарының, гидрологиялық және климаттық ерекшеліктеріне шыдай ма деген сауал алдын ала зерттелген жоқ.

Jas qazaq: Алғашында бетон жолдың астына жылыту спиралі салынады екен, қыста тайғақ болмайды екен деген әңгіме айтылды. Осы қаншалықты рас?

Ә.Қиялбайұлы: Бетон жолдың қалыңдығы – 28 сантиметр. Оның қай жеріне спираль саламыз? Тіпті ең астына жүргізгеннің өзінде, жылу жолдың бетіне жетпейді. Екіншіден, жүздеген шақырым жолды жылытуға қыруар шығын кетеді. Біз жол емес, үйді жылыта алмай отырмыз.

Jas qazaq: Онда бетон жолдағы көлік апатын қалай азайтамыз?

Ә.Қиялбайұлы: Қазір бетонның бетіне асфальт жабындысын төсесек деген әңгімелер айтылуда. Бірақ ол қып-қызыл шығын. Екі жол төсегенмен бірдей. Бірақ адам шығыны болып жатқанда, ақша шығынын ойлау дұрыс емес шығар. Қордайдан тұсындағы айналма жолға қазір бетонның үстіне асфальт төселіп жатыр. Амал жоқ. Өйткені кезінде дабыра көтерген депутаттардың сөзіне еріп, ғалымдардың тілін алмаудың соны, міне, осындай шығынға өкеліп жатыр. Депутаттар жаны ашып, сапалы жол болсын деген шығар. Бірақ олар жолдың маманы емес қой. Ғалым ретінде бетонның бетіне асфальт

жұмыс істеп жатыр. Осындай қатаң бақылаудан кейін жолдардың сапасы қалай? Көңіліңіз тола ма?

Ә.Қиялбайұлы: Бұрын әрбір жол мекемелерінде өзінің зертханасы болатын. Олар тиісті деңгейде жұмыс істеп, жолдардың сапасы өте жақсы болды. Кейін барлығын таратып жіберді. Бірақ ғалымдар шулап жүріп, соңғы жылдары 14 облыста зертхана ашуға септігімізді тигіздік. Қазір жол сапасын жақсартамын деп «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығын» басқаратын Замир Сағынов деген азамат жүгіріп жүр. Зертханаларға жақсы құрал-жабдықтар қойды. Бірақ енді маман жетіспей жатыр. Қазір жұмыс істеп жүрген қыз-жігіттер лаборант деңгейіндегі мамандар. Жолды білу үшін, тексеру үшін ғылыми тұжырымдама, көзқарас болуы керек. Мысалы, мына жол әрдайым бүлінеді, бұған не себеп деген сұраққа жауап іздейді олар. Оны ғалым зерттеуі керек. Сондықтан жол зертханаларындағы ғылыми-зерттеулерді дамыту керек. Тек сонда ғана Қазақстандағы жолдардың сапасы әлемдік стандарттарға сай болады.

Jas qazaq: Сұрақтарымызға жауап бергеніңізге рахмет! Жолымыз ашық болсын!

Сұхбаттасқан
Диас НҰРАҚЫН



Кенді Алтай өңірінде алтын дауыс әжелердің «Қазына» ансамблі жұртшылықты өнерімен тәнті етіп жүр.

НАРЫҚ

Сараптама

Жуырда Үкіметте көктемгі егіс жұмыстарына дайындық мәселелері қаралды. Оған тоқталмас бұрын, бүгінде көпшілікті ойландырып отырған азық-түлік қауіпсіздігі мен отандық ауыл шаруашылығының мол әлеуетін сөз етуді жөн көрдік.

«Адамзат азық-түлік тапшылығын сезінуі мүмкін». Түрлі деңгейдегі басқосуда мамандар осындай болжамды көлденең тарта бастады. Ғаламшарда климаттын өзгеруі мен алпауыт күштер арасында үйреншікті үрдіске айналып бара жатқан ымырасыз текетірестің геоэкономикаға әсері осындай тұжырым жасауға түрткі болса керек. Кез келген мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі ауыл шаруашылығының әлеуеті мен даму деңгейіне байланысты екені белгілі.

Мұның алғашқысына келсек, шын мәнінде, отандық ауыл шаруашылығының әлеуеті ересен. Бірер жыл бұрын Парламентте мынадай дерек жария етілді: бізде 30 млн мал басын бағуға жарамды 180 млн гектар табиғи жайылым бар. Бұл көрсеткіш бойынша еліміз Қытай, Аустралия, АҚШ және Бразилиядан

✓ **«Аса тұрақсыз халықаралық жағдай қалыптасқан қазіргі кезде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы зор. Осыған орай, егін егу науқанын сапалы өткізуге баса назар аударылады. Шаруалардың қажетті жанар-жағармайды қолайлы бағамен алуын қамтамасыз ету керек. Ауыл шаруашылығы техникаларының дайындығын, тұқым мен тыңайтқыш қорларын қайта тексерген жөн».**

(Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауынан. 16.03.2022)

2020 жылға қарағанда 220 мың теңгеге артық болуы». Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі ақ маржан мен «ақ алтын» нарығындағы ахуалды осылай сипаттады. Бұл жерде Үкімет михнаты (*beinnet*) көп «ақ алтынның» әр тоннасына шаққанда бағаны өсіріп, тиімді де сәтті кадам жасағанын атап өткен жөн. Өйткені кейінгі кезде оңтүстік өңірде мақта шаруашылығындағы дикандар көкөніске ден қоя бастады. Себебі табысы қомақты. «Әр тоннадан 1 млн теңгеге дейін таза пайда табуға болады» деседі.

Әлемдік озық тәжірибе көрсеткендей, мақта тамақ, жеңіл, және медицина өнеркәсіптерін өркендетуге септігін тигізеді. Киім-кешек, өсімдік майы, дәке және бетпердені өзімізде шығаруға болады. Соңғы екеуіне өте-мөте зәру екеніміз, әсіресе, пандемия кезінде көрінді. Сарапшылар санкция текетіресі өршіген сайын оның теріс әсері әлемдік экономикаға тиетінін, сол себепті отандық өнімге деген сұраныстың артатынын айтып жүр. Осы тұрғыдан алғанда, біздегі мақта шаруашылығының бір емес, бірнеше саланы сүйрей алатын әлеуеті, ең бастысы, басқасын қойғанда, сырттан қыруар қаржыға сатып алатын қарапайым заттарды өзімізде көптеп өндіруге жол ашатын қауқары бар. Дикандар былтыр 280 мың тонна шитті

ҚУАТТЫ АГРОСЕКТОРМЕН АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНЕ



мақта жинады. Қайбір жылы көрсеткіш 330 мың тоннадан асқан. Әнгімге арқау болған мақта елімізде тек Түркістан облысының еншісінде. Еліміздегі жүзімнің 76, бақша өнімдерінің 59, жеміс-жидектің 40, мақсарының 33, жүгерінің 25 пайызы аталған өңірден. Демек, табиғаты да, топырағы да ауыл шаруашылығына қолайлы. Бұл көптен бері айтылып келе жатқан «еліміздегі өңірлердің белгілі салаға басымдық бере отырып, мамандануы қажет» дейтін тұжырымның дұрыстығын көрсетсе керек.

Биыл жоспар бойынша күріш 89,9 мың гектар алқапқа егілуі тиіс. Көрсеткіш бұрынғыдан азырақ. «Ақ алтын» сияқты «Ақ маржан» да жеткілікті дәрежеде ылғалға зәру. Құзырлы орындар осыны ескере отырып, биыл ерте камданды. Наурыздың ортасына таман Қырғызстанмен Су кеңесінің отырысы өткізілді. Су мен электр қуатын алмасу жөнінде уағдаластық жасалды. Премьер-Министр Ә. Смайылов оңтүстік өңірлерді сумен қамтамасыз ету алдыңғы қатарлы

міндет екенін айрықша атап өтті.

Тұтыну нарығындағы қазіргі ахуал қант қызылшасын көптеп өсіріп, өзімізді тәтті шекермен толық қамтамасыз ету қажеттігін қаперге салып отыр. Тағы да статистикаға сүйенсек, елімізде 277 мың тонна қант өндіріледі. Импортқа тәуелділіктен арылу үшін қант қызылшасын көбірек өсіріп, шекер өндірісінің қуатын арттыруды мықтап қолға алатын кез келді. Осы дақылға Алматы облысынан бөлек, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарының да ықылас танытып отырғанын айтқан жөн. Өзеге өнеге боларлық озық тәжірибе де бар. Жетісу өңірі Амандық Баталовтың басшылығымен тұралап қалған саланың бойына қан жүгіртті. Неше жыл тұрған қант зауыттары іске қосылды. Дикандар жерге, жұмысшылар өндіріс ошағына қайта оралды. Жаңа әкім, тәжірибелі менеджер Қанат Бозымбаев игілікті істі жалғастырады деген үміт мол.

Қант қызылшасы өндірісінде кезек күттірмейтін тағы бір мәселе бар. Ол — фермерді өзімізде шығарылатын сапалы тұқыммен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ету. Бұл ретте ғалымдар Шолпан Бастаубаева мен Керімтай Қонысбеков жоғары сапалы тұқым өндірісін жолға қоюды, бұл үшін алдымен шағын цехтар құруды ұсынды.


кейін бесінші орында тұр. Мал басы бойынша қазіргі шамамыз 12 миллионның төңірегінде. Егіншілікке келсек, мұнда да әлеуетіміз мол. 10,6 гектар тынайған жерлерді қосқанда егін егуге жарамды 35,4 млн га егістік алқабы бар. Бұл жағынан дүниежүзінде оныншы орындамыз. Табиғатымыздың ерекшелігі кейбір елдердегідей, астық тұқымдас дақылды бір жылда бірнеше рет өсіруге мүмкіндік бермейді. Соған қарамастан, жыл сайын 7 млн тонна астық шетке жөнелтіледі. Бидай экспорты бойынша Ресей мен Украинаның алдыңғы қатарда тұрғанын ескерсек, сарапшылар биыл үн мен нанға сұраныстың көбейетінін болжап отыр. Олар осы екі елден әлемдік базарларға жеткізілетін астық көлемінің биыл азаятынын меңзесе керек. Мамандар тауар қозғалысында шекара танымайтын жаһандану үрдісінің тоқтағанын, алдағы уақытта өркімінің өз азық-түлік қауіпсіздігін ойлауға бас қатыруы тиіс деген пікірде.

Айта кеткен жөн, мұнай мен газ немесе металл сияқты емес, Қазақстанның теңіз жолдарынан қашықта жатуы (*Landlocked Countries*) бидай тасымалын қымбатқа түсірмейді. Қазақ астығын алатын мемлекеттер тура қасымызда: Қытай, Өзбекстан, Ауғанстан, Иран. Ары кетсе, Парсы Шығанағына апарарды.

Әлемдегі калий өндірісінің 20 пайызын қамтамасыз ететін Беларусьтегі компанияның экспортына тыйым салынуы біраз елдегі фермерді тыңайтқышсыз қалдыруы мүмкін. Біздің Үкімет аталған саланы назардан тыс қалдырған емес. АШМ 2017 жылы Агрохимия картасын жасап, саладағы көкейкесті міндеттер сараланып, келелі міндеттер белгіленді. Бұл бағытта бірқатар шаруа қолға алынды. «ҚазАзот» пен «ҚазФосфат» сияқты ірі компаниялар бастаған отандық тыңайтқыш өндіретін компаниялардың қазіргі қуаты — 1 млн 156,6 мың тонна. Бұл әлгі Карта бойынша жеткілікті мөлшер.

Премьер-Министр Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен отырыста энергетика министрі Болат Ақшолоаков, ауыл шаруашылығының бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Жамбыл облыстарының әкімдері баяндама жасады. Әкімдіктер биылғы жылға арналған егіс алқаптарына қатысты болжамдық көрсеткіштерді жариялады. Енді дерек пен есеп-қисапқа кезек берейік.

Биылғы жалпы егіс аланы — 23,1 млн гектар. Өткен жылмен салыстырғанда 125 мың гектарға артық. Агросаланы әртараптандыру мақсатында монодақылдан біртіндеп бас тарту үрдісі жалғасуда. Соған



Ауыл шаруашылығы министрлігінің (*АШМ*) мәліметіне жүгірсек, жауын-шашын аз болған өткен жылы 12 млн тоннаға жуық бидай бастырылды. Тәжірибелі дикандар бұл ретте теріскей өңірлерде қар тоқтату арқылы топырақта ылғалды көбейту, сондай-ақ тыңайтқыш пайдалану қарқынының арттырып, егін шығымын молайтуға болатынын айтады. Аталған саланы да шарпыған «сауда соғысының» кесірінен жердің құнарлылығын арттыратын тыңайтқыш қат тауарға айналғалы тұр.

орай, бидай егістігінің көлемі 285 мың гектарға азаяды. Еесіне жем-шөп беретін дақыл алқабы анағұрлым ұлғайып, 3,6 млн гектарға жетті. Бұған соңғы жылдары климаттың өзгеруі мен былтырғы қуаншылық сияқты жайсыз құбылыстар ықпал етуде.

«Үкіметтің мақта мен күріш сияқты суды көп қажет ететін дақылдардың алқаптарын азайту туралы тапсырмасы бар. Алайда Түркістан облысы әкімдігі мақта алқаптары 5 мың гектарға өскенін айтады. Оның негізгі себебі 2021 жылғы сатып алу бағасының

Құзырлы орындар мұны қолдап жатса, қант қызылшасына қажетті тұқым өндіретін шаруашылықтар пайда болар еді.

Геосаясатта қалыптасқан қазіргі ахуалды ескерсек, экономикадағы ендігі беталыс агросалаға басымдық беріп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге күш салу қажет. Осы жолмен жүргендер ұтылмайтын сияқты.

Срайыл СМАЙЫЛ,
экономикалық шолушы

Тұрғын үй

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында Шымкент қаласында салымшыларға арналған жаңа бағдарлама іске қосылды. «Отбасы банк» пен Batsu Group компаниясының бірлескен бағдарламасы бастапқы жарнаны төмендету арқылы несиелендіруді көздейді.

Банк бұл бағдарламаны Шымкент және Нұр-Сұлтан қалаларында жүзеге асыруда. Қазір Шымкенттің өзінде «Отбасы банкінің» 150 мыңға жуық салымшысы бар. Олардың жинақтарындағы жалпы сома 112 млрд теңгеден асты.

Жаңа ипотека несімен ерекшеленеді? Айталық, мемлекеттік бағдарламамен кез келген адам баспаналы бола алмайды. Себебі өзіндік критерийлері бар. Сондықтан да «Отбасы банк» «Batsu Group» компаниясымен бірлесе отырып, бастапқы жарна мөлшері небәрі 30 пайызға тең жаңа бағдарлама шығарды. Жоба бойынша өтінімді қабылдау таяу арада басталады.

БАҒДАРЛАМА ШАРТТАРЫ:

БАСТАПҚЫ ЖАРНА – **30 %**

ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ – **7%**
(СЖТМ 7,4%-дан бастап)

НЕСИЕНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ

СОМАСЫ – **90 МЛН** теңге

НЕСИЕЛЕУ МЕРЗІМІ –

6 айдан 25 жылға
дейін

Дәурен САУДАБАЕВ,
«Отбасы банк» Шымкент қалалық филиалының директоры:



«Биыл банктің ашылғанына 19 жыл толады. Осы уақыт ішінде Қазақстанның ербір оныншы тұрғыны банк салымшысына айналды. Тек 2022 жылдың басында қазақстандықтар «Отбасы банкінде» тұрғын үй жағдайын жақсарту және жеңілдетілген несие алу мақсатымен 515 мыңнан астам салым ашқан. Елімізде жеңілдетілген ипотекаға сұраныс артып келеді. Біздің банкке клиенттер тұрғын үй мәселесін шешу үшін жүгінеді. Көбінесе мұндай клиенттерде несие алу үшін жалпы шарттарға сәйкес келетін бастапқы жарна жеткіліксіз болады. Қандай да бір өлшемшарттары бойынша мемлекеттік бағдарламаларға да сай келе бермейді. Сондықтан біз «Batsu Group» компаниясымен бірлесіп, бастапқы жарнаны азайтуға бағытталған жаңа өнім дайындадық. Жаңа ипотека қазақстандықтарды баспанамен қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен қатар клиенттің отбасы бюджетінің қаржылық жүктемесін азайтуға да көмектеседі».

Әділхан АСАНОВ, салымшы:



«Отбасы банк» пен «Batsu Group» 30% бастапқы жарнамен баспана алуға мүмкіндік жасап отыр. Мен үшін бұл үлкен жеңілдік. «Авалон» тұрғын үй кешенінен 80 шаршы метрлік, 2 бөлмелі пәтер қарастырып жатырмын. 300 мың теңге жсадақы аламын, пәтерге 100 мың теңгеден 10-15 жыл көлемінде төлеп тұрамын».

Сол күні «Отбасы банкінің» Шымкент қалалық және Түркістан облыстық филиалдары мен «Batsu Group» компаниясының арасында келісімшарт жасалып, үш жақтың басшылары құжатқа қол қойды.

Мөлдір МАМЫРБАЙҚЫЗЫ,
Шымкент қаласы

Бюджет

Осыдан үш жыл бұрын шағын және орта бизнестің корпоративтік табыс салығын жергілікті бюджетке тікелей аудару туралы шешім қабылданды. Соның нәтижесінде 2020 жылы жергілікті бюджет 386,4 млрд теңгеге, одан кейінгі екі жылда 428,8 және 471,4 млрд теңгеге толығыуи тиіс еді.

Мұндай шешімнің қабылдануы бекер емес. Бюджеттен бөлінген қаржыны тиімді пайдалану – мемлекеттік жоспарлау мен қаржыны басқарудағы

соның есебінен жергілікті бюджеттің бүйірін қаппайтуға түрткі болады деп есептелді. Онда ШОБ салығынан түскен қаржыны аймақты дамытуға арналған бағдарламаларды жүзеге асыруға пайдалануға болады. Сәйкесінше, шағын және орта кәсіпкерлігі дамыған сайын аймақтардың жағдайы жақсара түседі. Дегенмен кәсіпкерлікпен айналысатындардың барлығы КТС төлемейтінін де ескеру керек. Көпшілігі арнайы салық режимімен, яғни патент, жеңілдетілген декларация немесе бірінғай жер салығы бойынша жұмыс істейді. Ал олардың пайыздық мөлшерлемесі 2-3 пайыздан аспайды. Оның үстіне осы 2-3 пайыз төлейтін кәсіпкерлер үш жылға салықтан босатылған. Биыл соңғы жыл. Кезінде



ЖАҢА РЕФОРМА ӨЗІН АҚТАДЫ

түйінді мәселе. Жыл сайын есеп комитеті миллиардтаған теңгенің игерілмей қалғаны туралы мәлімет береді. Кейбір салада, керісінше, қаржы жетіспей жатады. Бұл түйінді мемлекеттік бюджетті бір орталықтан басқару тетігін өзгерту арқылы шешуге болатын еді.

«Келесі мәселе – өңірлердің қаржылық дербестігін арттыру. 2020 жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығы жергілікті бюджетке берілді. Содан бері экономикалық белсенділік төмендегеніне қарамастан, жергілікті бюджеттердің түсімі жоспардағыдан 25 пайызға артық түсе бастады. Бұл әкімдердің жергілікті бизнесті дамытып, инвестициялар мен салықтық базаны көбейтуге қызығушылық артқанын білдіреді. Осы бағыттағы жұмысты жағастыру керек».

(Президент Касым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауынан. 01.09.2021)

Біздің аймақтардың басым бөлігі орталықтан берілетін субвенция есебінен күн көреді. Мәселен, республикалық бюджетте 13 өңірге 2,12 трлн теңге субвенция төлеу қарастырылған. Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Маңғыстау, Атырау облыстары оған кірмейді. Қайта республикалық бюджетті толтыруға қомақты үлес қосатын осылар.

Мұндай жүйе аймақтардың дамуына кері әсерін тигізді. Шағын және орта бизнестің (ШОБ) корпоративтік табыс салығы (КТС) түгелдей республикалық бюджетке түсетін де, аймақтар субвенцияға аузын ашып отыратын. Әр аймақтағы кәсіпкерліктің даму деңгейіне қарамастан, жергілікті бюджет түсіміне ол әсер еткен жоқ. Сондықтан әкімдер өңірді дамыту үшін орталықтан қосымша қаржы сұрауға мәжбүр еді.

Ал КТС-н аймақ бюджетіне беру бастамасы әкімдердің кәсіпкерлікті өркендетуге барынша күш салуына,

осы кезең ішінде бюджет шамамен 200 млрд теңгеден қағылатыны айтылған. Бірақ салықтан босату өз жемісін береді деген үміт те бар. Үш жыл бойы салықтан босатылған кәсіпорындар осы уақыт ішінде күшейіп, өрісін кеңейтуі мүмкін.

Сонымен 2020 жылға дейін КТС мемлекеттік бюджетке келіп түсетін. Табысқа салынатын салық мөлшерлемесі – 20 пайыз. Ауыл шаруашылығы мен балық шаруашылығы саласындағы заңды тұлғалар 10 пайыз КТС төлейді. Республикалық бюджетке ірі кәсіпорындардың КТС-ы аударылады. Олардың тізімін ұлттық экономика және қаржы министрліктері әр үш жыл сайын бекітеді. Айталық, 2020-2022 жылдарға бекітілген тізімде 1796 кәсіпорын бар. 2019 жылы бюджетке 1 трлн 974 млрд 763 млн теңге КТС түсті. Оның ішінде 422 млрд 371 млн теңге – ШОБ үлесінде.

Ал 2020 жылдың 1 қантарынан ШОБ-тың корпоративтік табыс салығы жергілікті бюджетке аударылады. Соңғы деректерге қарағанда, бұл реформа өз жемісін берген сияқты.

Қаржы министрлігінің дерегіненше, 2020 жылы пандемия кезінде 481,6 млрд теңге (*болжам – 386,4 млрд*), 2021 жылы – 732,34 млрд (*болжам – 428,8 млрд*) теңге КТС төленген. Күтілген көрсеткіштен шамамен 24,6 пайызға артық.

Биыл да түсім көлемі көбеймесе, азаймауы тиіс. Тек қантар айында жергілікті бюджетке 69 млрд теңге (*2021 жылғы осы кезеңде – 39,4 млрд*) теңге келіп түсті. Алматы бірінші орында. Былтыр қала бюджеті корпоративтік табыс салық есебінен 272,2 млрд теңгемен толықты. Бұл бүкіл ел бойынша ШОБ салығының үштен бір бөлігі. Екінші орында Нұр-Сұлтан – 149,4 млрд теңге. Одан кейін Атырау облысы 42,2 млрд теңге. Қызылорда (*5,5 млрд*) мен Жамбыл (*8,4 млрд*) облыстары артта қалды.

Гүлнар АХМЕТОВА

Агроқален

Бүкіл ел бойынша Алматы облысының қант қызылшасы, майбұршақ, жүгері, көкөніс, картоп, ет, жұмыртқа, жүн өндіруде алдыңғы қатардан көрініп келе жатқаны, жүзім мен сүт өндіруде екінші орын алатыны ауыл мен мал шаруашылығы саласындағы бөсінің биіктігін білдіреді. Бүгінгі таңда облыстағы өнеркәсіптік әлеуетті өркендетуге дән қойып отырған екі мыңнан аса кәсіпорынның 82 пайызы агроөнеркәсіп кешенінің еншісінде.

Бүгінде облыстағы егін мен мал шаруашылығын цифрландыру бағытындағы жұмыс қарқынды. Мәселен, «Амиранның» 800 басқа арналған сүт кешені американ-герман технологиясы бойынша салынған. Кешенде малды күтіп бағу, мал азығын дайындау, зоотехникалық және малдәрігерлік қызмет көрсету заманауи, еуро-стандарт талабына сай техника, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп жүргізілуде. Американдық Baumatic компаниясының «Параллель» сүт қондырғысы орнатылған. 800 сиырды сауу үшін 2 оператор ғана керек. «Алматы» АШӨК-нің сүт фермасында Германияның қазіргі заман талабына сай сүт сауатын қондырғылары орнатылған. Мұнда да

Baumatic технологиясы аркасында 600 сиыр бір күнде сауылып, 50 адамның күшін алмастырады. Әр сиырдан сауылған сүт автоматты түрде есептелеіп, сауу көрсеткіштері компьютерге тіркеледі. Одан кейін құбыр арқылы таза күйінде сүт блогына жиналады. Күйлеген сиырлар арнайы антенна арқылы компьютерге тіркеледі. «Адал» АШӨК АҚ-ның сүт фермасында тиімділігі жоғары және жетілдірілген озық технологиялық сүт сауатын «Milkline 24*24=48» қондырғылары орнатылған Оның ерекшелігі сауар алдында желінге массаж жасалып, әр сиырдан сауылған сүт автоматты түрде есептеледі. 1400 сиыр бір күнде сауылып, 100 адамның күшін алмастырады. Ал «Кәрімов» сүт фермасында Германиядан әкелінген 330 бас асыл тұқымды Голштин сүтті сиырлары шведиялық «Деловал» фирмасының робот қондырғылары арқылы автоматты түрде сауылып, «Дельта 5.2»

Бәстігу

Букмекерлік салада спорт оқиғасына болжам жасау – өлкітіретін ермек. Бірақ онымен айналысу үшін алдымен мінез-құлқыңа қарауың керек. Жасыратын не бар, бәс тігуге бас қойғандарға ұстамдылық қажет-ақ.

АҢҚАУ РОМАНТИКТИҢ АРМАНЫ

Ғаламторда спорт оқиғасына болжам жасауды тұрақты табысқа айналдыруға болады деп алдаусыратып, өзіне «шақыратын» жүздеген сайт бар. Олар әлдебір «кәсіби құпияны» білетінін, сол арқылы букмекерле үнемі ұтып, оңай олжаға кенелуге болатынын айтудан жалықпайды. Алаяқтар жұмысты тастап, ешқандай тер төкпей, бәс тігумен ақша табатыны туралы жамыраса әңгімелейді. Мұндай сайттардың қожайындары «құмарлық романтикасына» еліктіріп, анқауларды топ еткізіп торға түсіруге тырысады. Олардың амал-айласы қисапсыз: стратегия саудасы, дайын болжамды сату, «есепті айналдыру» дейсін бе, әйтеуір, толып жатыр. Соларға сеніп, спорт бәсінде түкке тұрмайтын осы әдіс-тәсілді қолданған кезде ғана анқаулар ақшасын қайырымды жандарға емес, алаяқтарға ұстатқанына көз жеткізеді.

Олардың қатарын толықтырмас үшін, әу баста спортқа бәс тігуге дұрыс көзқарасты қалыптастырған дұрыс. Спорт болжамына ермек деп, қол бос кездегі демалыс деп қараңыз. Өйткені ол ешқашан тұрақты табыс көзі бола алмайды. Бәс тігуде үнемі жеңіске жету әлі ешкімнің қолынан келген емес. Шынымен де ұтысқа жеткізетін «құпия формула» бар болса, жер жүзіндегі букмекер атаулы әлдеқашан тақырға отыратын еді. Бірақ өзінің қаранызшы, қазіргі қиын заманның өзінде букмекерлердің жағдайы жаман емес қой.

Сондықтан ең алдымен мынадай қарапайым нәрсені түсініп, түйсінген жөн: букмекерлік бәс тігуде тұрақты табыс табу мүмкін емес. Бұл сідзін түпкі мақсатыңызға айналасын. Әрине, ұтыс міндетті түрде болады, оған талай қуанарсыз да. Үтқан сайын спортқа болжам жасауды да бүге-шігесіне дейін менгеріп аларсыз. Бірақ ол бәрібір ермек.

Ал егер беттингтен көп ақша табам десеніз, оның соны жақсылыққа апармайды. Қарызға белшесінен батып, өз өмірін құртқан, дос-жарандары алдындағы беделінен айрылған жандардың қатарын көбейтудің қажеті не?

Букмекерлердің байқауынша, беттингке дұрыс көзқарас қалыптастырмаудан өз тағдырына балта шапқандар соншалықты көп емес. Бәс тігуді жай ғана ермек санайтындармен салыстырғанда, олар ат төбеліндей ғана. Әйтсе де, ондай құмарпаз болғанша, спортқа болжам жасай білетіндердің қатарынан табылған дұрыс.

АҚЫЛҒА КЕЛ, ҚҰМАРЛЫҚҚА САЛЫНБА

Кейде үсті-үстіне ұтылатын кез болады. Ондайда көп адам өзін-өзі ұстай алмай қалады. Деструктивтік құмарлық пайда болады. Психологтар мұндай құбылысқа баяғыда-ақ баға берген. Дәл осындай кезде адам қайтсе де ұту үшін әбден ойынға беріледі. Мұндағы түйткіл сізде ақша бар-жоғында емес. Басты қауіп – ұтылған сайын жүйкенің бұзылуында. Адам ұтылған сайын өзін қор санап, күйзеліске түседі. Соның нәтижесінде айналасындағы адамдарға дәлелдеу үшін «мен жолы болмайтын сүмелек емеспін, мен жеңіске жетемін» деген тілек пайда болады. Ой-сана емес, эмоция үстемдік алады. Ал мұндай кезде ұстамдылық керек.

Мол ұтысқа қолы жеткенде де бәс тігушінің бақыттан «басы айналуы» мүмкін. Осы кезде ол өзін-өзі есептеп, қолынан келмейтін нәрсе жоқтай көрінуі мүмкін. Ұтылған кездегідей жағдайды дұрыс бағалай алмайды, ең бастысы, дәлме-дәл болжам үшін қажетті факторларды ұмытады. Команданың ағымдағы жағдайы, турнир кестесі, матч немесе жекпе-жектің ерекшеліктері, бәрін де төрк етеді. Мұндай кезде бәс тігуге ұмтылудың жөні жоқ. Онда, сөзсіз, ұтыласыз. Қандай жағдайда да дер кезінде өзінді-өзін тоқтатып, сезімділі тежеп, ақылға жеңдірген жөн.

Мамандар адреналин шарықтайтын сәттерде бәс тігуді тоқтатуға кеңес береді. Эмоция қалпына келгенге дейін дамылдай тұрыңыз. Кем дегенде беттингті бірнеше күн ұмыту керек. Спортқа бәс тігудегі негізгі ереженің бірі –

осы. Ақылға салып, дұрыс шешім қабылдау, құмарлыққа салынбау, «қайтсем де жеңемін» деп ентелемеу... Осы қарапайым ережені есепке алмау опық жегізеді.

ЕШҚАШАН СОҢҒЫ АҚШАҒА БӘС ТІКПЕУ КЕРЕК

Спортқа бәс тігу – жоғарыда айтқанымыздай, жай ғана ермек. Ал окта-текте ұтылу – адамның өз құмарлығы үшін төлейтін ақысы. Дегенмен мұндай ақы шектен шықпауы керек. Ал құмарлық шектен шыққанда, бұл өзіне-өзін не бола алмайтын жағдайға жету дегенді білдіреді. Осыдан кейін адам деструктивтік құмарлыққа беріліп, үсті-үстіне ұтыла береді.

Ал соңғы ақшана бәс тігу – құрдымға құлау.

ҰТУ ӘЛДЕ КЕТУ немесе БЕТТИНГТИҢ ЕҢ БАСТЫ «ЖАУЫ»



Өзіңізге шығын келмейтін соманы ғана бәске жұмсау керек. Сондай-ақ отбасының қолайлы өмір сүруі үшін жұмсалатын ақшаға бәс тігуге мүлде болмайды. Бала, ата-ана, басқа да жақындарыңыз сідзін спортқа болжам жасауға деген ермегіңізден зардап шекпесін. Ұтысқа ұмтылу – отбасыңызды ақшасыз қалдыруға сылтау бола алмайды.

Кейде адам үй-ішіне білдірмей, ойын үшін біреуден қарыз алады. Бұл да дұрыс емес. Ежелден келе жатқан мынадай қағида бар: қарызға алған ақшана бәс тіксе, міндетті түрде жеңілесін. Аса қажет жағдайда ғана, мәселен, тамаққа, киімге, жақынына дәрі алу үшін немесе отбасында қиын жағдай болғанда қарыз алуға болады. Ал ойын мен бәс тігу – мүлде басқа. Қарызға алған ақшаны бәске, ойынға салған адам өзінің қаржылық түйіндерін көбейте түседі.

ТАЛДАУ – ДӘЛМЕ-ДӘЛ БОЛЖАМНЫҢ ӨЗЕГІ

Беттинг – рулеткада ойнау емес. Кездейсоқ ұтыс болмайды, ол білімге байланысты.

Спорт болжамының дұрыс келуі – білім, сонымен бірге белгілі ақпаратты мұқият талдау. Бәрін де ескеру керек. Спортшылардың қазіргі жай-күйі қандай? Матч өз алаңында өте ме, сырты ма? Командалардың негізгі және қосалқы құрамы туралы білесіз бе? Екі жақтан қандай мықты немесе әлсіз спортшылар алаңға шығарылуы мүмкін? Шабуылшы, қақпашы, қорғаушылардың деңгейі қандай? Осы ойында қазылық жасайтындар туралы не білесіз? Ауа райы сіз бәс тігетін команданың ойынына әсер ете ме? Ондаған сауал, соның бәріне жауап беру керек. Оған қоса, ағымдағы чемпионаттың турнир кестесін зерттеу, алдағы кездесудегі командалардың жеңісі мен жеңілісі туралы мағлұматты білу, Матч немесе жекпе-жектің нәтижесіне әсер ететін кез келген фактордың ескерусіз қалуы бәс тігуде сан соқтыруы мүмкін. Әрине, әрдайым нәтижені тап басып айта алмайсың, Өйткені кейде аяқ астынан болатын оқыс факторлар шығуы мүмкін. Дегенмен спорт болжамында барлық жәйтті барынша қамтуға тырысу керек.

Бірақ болжамыңыз дәл келсе де, қателессеніз де бұлжымайтын қағида: ұтысқа жету мақсат емес. Ұтылыс көңілді қабырқатпасын. Беттингке психологиялық көзқарастың дұрыс болуы маңызды. Онда адам өзін-өзі ұстайды, ұтса да, ұтылса да, жаңсақ қадамға бармайды. Ал егер оған шаманыз жетпесе, ұстамсыздық танытсаңыз, ең басты мақсатыңыз ұту болса, онда спортқа бәс тігуге жоламаған дұрыс шығар?

Олжабек БАЙҚАТОВ



ЭЛЕКТР ҚОРШАУДА МАЛ ЖАЙЫЛЫП, РОБОТ СИЫР САУАДЫ

бағдарламасымен жұмыс істейді. «Байсерке Агро»

ЖШС-ті сүт фермасында 634 бас Канададан әкелінген асыл тұқымды сүтті сиырлар да «Деловал» фирмасының робот қондырғылары арқылы автоматты түрде сауылууда.

Етті мал шаруашылығымен айналысатын «Арқарлы Майбүйрек» ЖШС 2014 жылы Австралия мемлекетінен 5615 бас ангус және

герефорд асыл тұқымды ірі қара мал әкеліп, қазіргі таңда 15433 басқа көбейді. Заман талабына сай күн сәулесін пайдалану арқылы электрленген қоршау ішіндегі малдар еркін жайылып, үнемі бақылауда. «Әлипов» ШК ірі қара малын электр қоршау арқылы жайылымда бағу тәсілін пайдалануда. Бұл мал жайылымын тиімді пайдаланып, көлемі аз жерден құны төмен және сапасы жоғары мал азығын дайындауға мүмкіндік береді. Компьютерленген блок арқылы 50 гектар алқапта аталған қоршауды пайдалана отырып, 100 бас сиыр бағылады.

Осы айтылған көрсеткіштер негізінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының Тәуелсіздіктің 30 жылдына жеткен жетістігін бағамдауға болады. Жалпы ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімімен толық қамтамасыз ету. Сондықтан бұл саланы өркендету арқылы күнделікті өмірде туындап отырған қиындықтарды шешіп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен бірге, бағаның тұрақтылығын сақтауға да өз септігін тигізіп келеді.

Қажет АНДАС, Алматы облысы

SERPIN

Біздің сұхбат

Дидарласушымыз Дүйсенбек Шәдибеков саналы ғұмырын аграрлық саланың өркендеуіне арнаған адам. Ұзақ жыл Райымбек ауданының ауыл шаруашылығы саласына жетекшілік жасап, жемісті еңбек етіп зейнеткерлікке шықты.

Білікті маман, білгір басшы атанған Дүйсенбек ағамен өңіміміз өзі бес саусағындай терең білетін ауыл шаруашылығы саласы жайында ербіді.

МАЛДЫ
БАҒА БІЛУ
КЕРЕК

Жас qazaq: Дүйсенбек аға, сіздің өмір жолыңызды бағдарласақ, ауыл шаруашылығы саласында табаны күректің қырық жылдан астам уақыт еңбек еттіңіз. Бұл саланың артықшылығын да, кем-кетігін де жақсы білесіз. Салыстырып айтыңызшы, қазіргі біздің мал ұстау жүйеміз, төрт түлікті өрістету бағытымыз дұрыс па?

Дүйсенбек Шәдибеков: Дұрыс, я болмаса бұрыс деп кесіп айту жарамас. Дегенмен салыстырып айт дейсің ғой, айтайын. Ескілікті көксеу, өткенді ансау емес менікі. Бірақ көзімізбен көргенді баяндайын деп отырмын. Бір ғана мысал, кезінде Кеген ауданында сүт бағытындағы ірі кара өсіретін ферма болды. Фермада сауындағы сиырлардың неше литр сүт беретініне қарай жем-шөбі уақтылы берілетін, асты да дер кезінде тазаланып, мерзімімен суғарылады. Жұмыс жүйелі жүреді. Жемді тартып, оған басқа да микроэлементтерді қосып беру, шөпті де турап салу арқылы сауылып алынатын сүттің көлемін көбейтетін. Мысалы, бір сауымда 30 литр сүт беретін сиыр болса, оған жем де, шөп те өзгелерден көбірек салынады. Ал қазір мұндай жүйемен кім жұмыс істейді? Танертен сауып алады да өріске айдап жібереді, қыс уағында да мезгіл-мезгіл жем-шөп беріле ме? Жарайды, алдындағы ақырға бір айыр шөбін салар. Еріншектік пе, әлде солай қалыптасып кете ме, малдың алдына шөпті үйіп салып қояды. Мал тойғаннан кейін жемейді шашып, аяғымен таптап ысырап еді. Ал енді жоғарыда сөз еткендей, уақтылы салып, мөлшерлеп беретін болса, шөп те үнемделеді, рәсуа болмайды.

Жас qazaq: Сөзіңіздің жаны бар, ертеректе ауылдарда сиыр кезек деген болды. Әр түтін кезегімен ауылдың сиырын бағып келетін. Бұл күнде осы ұстанымның жүлгесі үзілгендей. Өзіңіз айтпақшы, танертен сүтін сарқа сауып алады да, бұзауынан бөліп, өріске айдап жібереді. Кешкілік сиыры өрістен қайтса ғана сауылады, келмесе сүт жоқ. Кезектің

жоқтығынан қараусыз қалған, бағусыз кеткен малдың жоғалуы да жиілейтіні анық.

Дүйсенбек Шәдибеков: Бұған айтар уәж бар ма, оның рас, айтқанын орынды. Бақташы болмаған соң, малдың аты мал, ауа жайылып кетеді. Жаздың күндері оқыра тисе, ауыл-ауылдың көшесінде көлеңке қуалап жөңкіліп жүреді. Аяқты мал ауылдың көшесін жапасымен ластайды, шандадады, елдің қоршау, шарбағын қиратады. Ал енді бұрынғыдай кезекпен бақса, мұның бәрі де жолға қойылар еді.

Мал шаруашылығының тағы бір өзекті мәселесі — малшыны емге іздеп таппайсыз қашп. Мал бағатын адам кезіктіру қиын. Рас, кезінде шопанның таяғын ұстаған қойшылар, құрығын қыстырып қысырақты бөлек үйірімен баққан жылқышылар, табын-табын сиыр айдаған бақташылардың жалақысы қолында әжептәуір қызметі бар басшылардан жоғары болды. Қойшыларға деген құрмет қандай еді. Малшы тек алдындағы малының амандығына алаңдайтын. Ал оның малының жем-шөбі, азық-түлігі, ішетін



суы, тіпті жуынатын моншасына дейін ұйымдастырылып, уақтылы жеткізілетін.

Жас qazaq: Үкімет агро өнеркәсіптік кешенді дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында кешенді бағдарламалар әзірленіп, қазынадан бөлінетін қаржы да қомақты.

Дүйсенбек Шәдибеков: Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласына назар аударып, дамыту қажеттігін айтып жатыр. Жұмысты алға бастыратын мамандардың біліктілігі таяз болса, өз саласының кадры басқармаса, ол жүйенің жолында келергі көбейеді. Жөніделтілген несие түрлері, субсидия, гранттар бар. Үкіметке өкпе жоқ, қаражат бөліп жатыр. Қазақстанның қай аймағы да төрт түлікті бағуға қолайлы. Шөлді-шөлейтті аймақтарға түйе өсіруге, таулы өңірге төзімді келетін асыл тұқымды мал ұстауға болады. Өсіріп те жатқандар бар. Аграрлық саясатты алға бастыру мақсатындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы төрт түлікті түлете аламыз. Ал малымыз көбейсе, өнім молайса, мемлекеттің экономикалық әлеуеті де артады.

Жазып алған Қуан ТАҢҚЫ,
Алматы қаласы

Сауалнама

Қазіргі уақытта патерналистік, яғни «мемлекет бәрін жасап беруі тиіс» дейтін пиғылдан арылу қоғамның басты міндеті болып отыр. Бұл үшін, сөз жоқ, еңбектену қажет. Халқымыз «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп бекер айтпаған. Еңбек пен масылдықты кім қалай түсінеді? Патернализмнен қалай арыламыз?

Жас qazaq осы сауалдарды еңбегімен мемлекетке де, отбасына да пайдасын тигізіп отырған жандарға қойып көрді.

ПАТЕРНАЛИЗМНЕН ҚАЛАЙ АРЫЛАМЫЗ?

Бекзада НҰРХАНҚЫЗЫ,
зейнеткер, кәсіпкер:



«Жасым жетпістен асса да, қол қусырып отыра алмайтын адамдардың қатарынанмын. Жұмыс істегенді жақсы көремін. Біленімді жастарға үйретіп, тигітпей де болса, қоғамға өз үлесімді қоссам деймін. Осыдан екі

жыл бұрын «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы ұсынған «Бастау» бағдарламасына қатысып, өз бизнес жобамды қорғап, мемлекеттік грант иелендім. Қайтарымызсыз гранттың арқасында екі тігін машинесін сатып алдым. Үйімнің жанынан кішігірім тігін цехын аштым. Жаныма екі келіншекті алып, осы жұмысқа кірісіп кеттік. Былтырдан бері қазақсы кийімдер мен көрпе-жастыққа тапсырыс алып жұмыс істеп жатырмыз. Пандемия біраз кедергі болды. Дегенмен де ұсақ-түйек тапсырыстар үзілмеді.

Жұмыс жоқ дейтін жастар өтірік айтып жүр. Жұмыс деген телегей-теңіз. Езін ексе де, жұмыс. Мал бақса да, жұмыс. Көп жастар жұмыс істеп, еңбек еткісі келмейді. Жастар деп олардан көре береміз-ау, байқасаңыз, егде тартқан адамдардың өзі жұмыс істегісі келмейді. «Балаларымыз өнегелі — әке, қыздарымыз — аяулы ана болса екен» деп армандаймын. Жұмыстың ауыры да, жеңілі де болады. Тек еңбек етуден жалықауымыз керек. «Ер адамның жауы — желкедегі жалақаулық» дейді дана халқымыз. Сондықтан жалақаулықты қойып, тек еңбек ете білуіміз керек».



Алма ӘЛІБЕКҚЫЗЫ,
көпбалалы
кәсіпкер ана:

«Мемлекет тарапынан көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақы аламыз. Мұны өз басым мемлекеттің көп бала тәрбиелеп отырған отбасыларға арнайы жәрдемі деп білемін. Бірақ біз жәрдемақыға қарамай, өз кәсібімізді ашып, мемлекетке

де, өзімізге пайда тигізіміз келеді. Бұрын үйде түрлі торт пен тәтті бәліш пісіріп, туыстарым мен жақындарымнан ғана тапсырыс алатынмын. Былтыр бір танысым арнайы бағдарлама бойынша курс оқып, кейін кәсіп ашуыма болатынын айтты. «Атамекен» палатасының жобасына қатысып көруімді өтінді. Содан үш ай «Бизнесіт басқару» курсына қатысып, арнайы сертификат алдым. Жоба комиссиясының алдында өз жоспарымды қорғап, мемлекеттен қайтарымсыз грант алдым. 500 мың теңге көлеміндегі қаржыға торт пісіруге арналған арнайы пеш пен қажетті құрал-жабдықтар сатып алдым.

Жаныма өзім сияқты көпбалалы келіншекті алып, екеуіміз тапсырысқа тәтті торттар пісіреміз. Инстаграм парақшамызды аштық. Онда өзіміз пісірген өнімдерді жарнамалап, тапсырыс берушілердің санын арттырдық.

Мұның бәрін үйде отырып-ақ тындырып жүрміз. Дегенмен уақытта жалағ болса да, кеңірек бөлме алып, кәсібімді үлкейтсем деймін. Биыл тағы да жобамды жаңартып, жаңа бағыттар қосып, мемлекеттік грантқа тағы да қатысып көремін. Оны алсам, кәсібімді кеңейтіп, қолы бос келіншектерді жұмысқа тартамын.

Шынымды айтсам, мемлекетке қол жайып отыратын кейбір көпбалалы аналарды түсінбеймін. «Бізге ақша бер, үй бер» деп міндет ететіндер көбейіп жатыр. Біз баланы мемлекет үшін дүниеге әкелмейміз, баланы өзіміз үшін, болашағымыз үшін өмірге әкелеміз. Сондықтан әр адам өз тіршілігін жасауы керек. Қолыңнан келе ме, шамаң бар ма, еңбек ет!».

Талғат ЖАНЫСБАЙ, саясаттанушы:

«Біздің мемлекет әлеуметтік қамтуға ерекше мән береді. Шағын және орта бизнес орындарынан бастап, ірі өндіріс орындарын, тіпті тұтынатын азық-түлігіміз, алып жатқан білімімізге дейін мемлекет қолдау көрсетеді. Бізде мемлекеттен ештеңе күтпей, жұмысым істеп, кәсібін дөңгелетіп отырған отбасылар көп. Бірақ елімізде масылдық көңіл-күйді көбейтіп отырғандар да бар. Оған әлеуметтік желінің де ықпалы бар деп айтар едім. Құн сайын әлемжәліде халықты оңай ақша табуға, бизнес пен кез келген кәсіпті оңай ашуға болатынын жарнамалайтын хабарламалар қаптап кетті. «Бизнес тренер, коуч тренер» деген мамансымақтар пайда болып, халықты адастыра бастады. Осыны көрген жастар «жеңілдік үстімен, ауырдың астымен» жүргісі келеді. Алысқа бармай-ақ көрші өзбек еліне қараңызшы, халқы керемет еңбеккер. Тұрмыстық заттарды өздерінде өндіреді. Шикізатты шетелден алмайды. Осылайша өзбек халқы еңбекқорлықты үйренді.

Ал бізге келсек, мұнаймен бірге басқа да қазба байлықтарға баймыз. Халыққа мемлекет тарапынан көрсетілетін жәрдем көп. Тіпті мемлекетке сеніп, жұмыс істеп, еңбек кәсіп ашып, еңбегіңді адал жемісін көріп отырған адамдарды насихаттап, көптеп дәртіпсек. Қоғамда патерналистік және масылдық көңіл-күйді азайту үшін ең алдымен мегаполистердегі халық санын көбейте бермей, шығыс пен солтүстік өңірлерге көшіріміз керек. Мемлекетіміз бұл бағытта бірнеше арнайы бағдарлама жасап, біртіндеп ол да жүзеге асып жатыр. Халқы аз өңірлерге зауыт, фабрикалар салып, халықтың жұмыспен қамтылуына да мүмкіндік беруіміз керек. Қазір жастардың дені тез байығысы келеді. Бәрі бірден бастық болғанды қалайды. Ал осының дұрыс емес екенін түсіндіретін арнайы ақпараттық немесе идеологиялық жұмыстар жүргізіліп жатқан жоқ. Сол үшін жастарды масылдықтан арытатын жаңа жобалар керек».

Дайындаған Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Жасыл ел

21 наурыз — Халықаралық орман күні. Осыған орай, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің ұйымдастыруымен отандық журналистер ағаш отырғызу маусымын алғашқылардың бірі болып бастады.



мақсат — Алматы, Жамбыл облысының орман шаруашылығы мекемелері жоғары сапалы отырғызу материалымен қамтамасыз ету үшін қарасексеуіл және майда жапырақты шегірішін материалдарын өсіру.

Ал зертханаларда микроклондау арқылы вируссız, генетикалық біртекті отырғызу материалдары алынады. Бұл — өсімдіктің барлық негізгі генетикалық ерекшеліктері сақталатын жеделдетілген вегетативті көбею әдістерінің бірі. Ол үйреншікті көбею әдістеріне қарағанда бірқатар артықшылыққа ие.

Біріншіден, алынған барлық клондар — вирустардан босатылған бастапқы «аталық — аналық» өсімдіктің абсолютті генетикалық көшірмелері.

Екіншіден, бір донор өсімдіктен көп ұрпақ алуға болады.

Мәселен, сиверс алмасының 2,0 мың данасы өсірілді. *Malusieversii (Ledeb)* M. Roem бастапқы материалы ретінде жасанды қоректік ортада өсіру үшін Іле-Алатау МҰТП генетикалық резерватында жиналған Сиверс алма ағашының тұқымдары пайдаланылды.

Жұмысты бастағанда клондық отырғызу материалын алу тәсілі пысықталды. Сондай-ақ меристемалар гендерінің банкі құрылды. Онда мынадай ағаш-бұта тұқымдылары сақталады: Іле-Алатау таралымы Сиверс алмасы, Карель кайыны, Қырғыз кайыны, Маньчжур кайыны, қағаз кайыны, мамық кайыны, Дауркайыны, Согди шаған кайыны, Ярмоленковская кайыны, пирамидалық тюжа, спираль тәрізді және триплоидты,



жүйелерді қолдануға негізделген 2 млрд ағаш отырғызуды қоғамдық бақылау және мониторинг жасау. Орман шаруашылығы мекемелері ағаш отырғызғаннан кейін картада полигон құра отырып, атрибутивтік деректерді толтырады. Бұдан басқа, картаға тұқымдары мен саны көрсетілген тұқым дайындау жөніндегі деректер, сондай-ақ питомниктер жөніндегі мәліметтер енгізіледі. Енгізілген ақпарат автоматты түрде дерекқорға түседі және барлық пайдаланушыларда көрсетіледі.

Android OS және IOS платформалары үшін векторлық мәліметтерді (ағаш отырғызу, питомниктер, тұқым дайындау туралы ақпарат) жасау үшін мобильді қосымша жасалды. Бұл қосымша инспекторлардың ағаш отырғызу туралы ақпаратты өз бетінше толтыруға және көрсетуге мүмкіндік береді.

Интерактивті картаның ең маңызды бөлігі бейресми ұйымдар мен мүдделі жұртшылықтың фото және бейнематериалдарды, ағаш отырғызу және күтіп-баптау жұмыстары барысында түсініктемелер бере отырып, интерактивті карта арқылы мониторинг жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жоба бойынша кешенді жоспарлардың орындалуының ашықтығына кепілдік береді.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, елімізде бес жылдың ішінде 2 млрд ағаш отырғызылуы керек. Тіпші қауым осындай игі іске аз да болса өз үлесін қосып қайтты.

Ғалия ҚАЛИЕВА
Суреттерді түсірген автор



диплоидты көктеректің түрлері. Бұл гендер — баға жетпес байлық. Ал интерактивті картаның «Қазақстан ғарыш сапары» ұлттық компаниясы және «Қазақ орман орналастыру кәсіпорны» бірлесіп жасалды. Мұндай картаны құрудың мақсаты — тұрақты дамуы қамтамасыз ету және тиімділікті арттыру мақсатында геоақпараттық



«Әдебиет ауылымыздың» дәмі тартып, 1966 жылы Өскемен қаласынан көшіп келіп, «Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясына жұмысқа орналастым. «Қол жетпес армандай» ортаға баруыма сазгер Шәмші Калдаяков пен акын құрдасым Жүмекен Нәжімеденов себепші болды.

орынбасарлығына шақырылуыммен аяқталды.

— Әзірше, бірер ай орынбасар боласыз, содан кейін жауапты хатшылыққа тағайындаймыз, бізге бір тиянақты жауапты хатшы керек болып жүр, — деді Көкен.

— Алматыда журналист көп емес пе? — дедім.

— Журналистің кез келгені жауапты хатшы бола ала ма? — деп қарсы сұрақ қойды.

Мен үндемедім. Көкейімнің сонау да сонау түкпірінде «Шіркін, Алматыда тұрсам ғой!» — деген бір арман бұғып жатушы еді, сол пақыр ұшып тұрып, қуаныш биін билей жөнелгендей күй кештім.

— Ертең редакцияға келіңіз, сағат 10 шамасында, жарай ма? — деді Көкен.

— Жарайды, — дедім.

Ертеңінде «Жетісу», қайдасың?!» деп жедел келе жатыр едім, Панфилов көшесінен Совет көшесіне бұрылар бұрышта Шәмші мен Жүмекен кездесе қалды. 1963 жылы университеттегі бір жиында балпаған сары жігіт Сабырхан Асанов деген акынмен қатар отырып, танысқанбыз. Кейінде



— Ғаба-Ғабеке, өзім періштедей көретін Сыр-ағаның азғырғанына иліксем бе екен, илікпесем бе екен? — деп көзін қысып қалды.

— Бергенін алуға болады, а што, онда тұрған не бар, тек өзің сұрама, — деді Әсет, көзі алайып.

— Өзім қатарлыларға бірдене беріліп жатқанда «не үшін берді екен?» деп сол кезде еріксіз ойланатын иттігім бар, бірақ артынша ұмытып кетем, оллаһи, қызықпаймын, қызғанбаймын, — деді Сабырхан қонқак мұрынын бір көтеріп қойып.

— Ғаба-Ғабеке, сен ше, өзің ше? Осы отырғанымыздың арасында атқа да, атанға да мініп жүрген сенсін, иә, сен ше? — деп Шәмші мені тақыдай қалды.

— Шәке, жаңа өзің айтқандай, мен де «сол пәлелер» үшін тумаған қазақпын. Шынында көптеріме кіріп шықпайды, сап-сары божбан Сабырханша ойланбаймын да, — дедім.

Шәмші қызыл-қоңыр тақиясын оң қолымен бірер қозғап қойып, жымын-жымын етіп, маған куақылана қарады да:

— Менің мына жеріме, — деп омырауын сипалады, — шірегенде бес-алты орден-

Жайраң Шәке!..

С.М.Киров атындағы Казак мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқып жүрген кезім. 1966 жылы көктемде кезекті сессияға келгенбіз. Бір күні старостаымыз газеттің техникалық көркемделуінен лекция болатынын, сонсоң одан сынақ тапсыратынымызды ескертті. Лекция оқуға келген қараторы жігіт: «Аты-жөнім — Көкімжан Қазыбаев. Алматы облыстық «Жетісу» газетінің редакциясында редактордың орынбасарымын», — деп танысты. Қоңыр үнмен акырын сөйлейді екен. Лекциясын үш күн оқып, соңында

ол мені Шәмшімен, Жүмекенмен, Әсет Бейсековпен таныстырған.

— Ғаба-Ғабеке, қайнына ұрын аттанған күйеудей қайда асығып барасың? — деді Шәмші мәз болып.

— Уәй, бір қызық бар! — деп қайда, неге кетіп бара жатқанымды баяндап бердім.

— Дұрыс, дұрыс, Алматыға келгенің дұрыс. Астананың аты — астана. Оспанханға сарбаз боласың, кітаптарыңды шығарасың, — деп Шәмші шын қуана құптады.

— Дұрысы дұрыс қой, тек пәтер жағы қинап жүрмесе, — деп Жүмекен сабыр сактай пікір қосты...

Көкен редакторлары Әбдуәли Қарағұловқа алып барды. Әңгімелестік. «Ойланайын, үй-ішіммен ақылдасайын, хабарласамын», — деп шықтым. Дәлізде Жүмекен тұр екен.

— Иә, қалай? — деді ол, көзі жылғырай жымындап. Айттым. Екеуіміз сыртқа шықтық.

— Дұрыс па? — дедім.

— «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында бір орын бос көрінеді, сен мынаны қой да, соған бар.

— Мені не қылады олар? Мен жазушы емеспін ғой?



— Құрысын! Илікпе! Көнбе! Қалжындағаным ғой! — деп Сыр-аға Шәмшіні құшақтай алды...

Бірде Шәмшіге:

— Шәке, гәзет тілшілеріне ұқсап бір сұрайыншы, әдемі әндерді қалай шығарасың? Нендей құпияң бар? — дедім.

Ол қырылдаңқырап сылк-сылк күлді де:

— Ғаба-Ғабеке, бұл... композитор дегендерін, менің бірдене білуімше, білуімше

медаль сияды, оның өзін де асты-үстілі етіп тақсан, ал сен үшеуіңнің омырауларына бір-бір шелек орден еркін сияр еді, амал не, кім беріп жатыр! — деді. Сол сәтте төртеуіміздің қарқылымыздан төңірек теңселіп кеткен шығар-ау!..

Ай, аруақтарыңнан айналарындарым-ай!..

Мына фотосуреттің сыры былайша: бір күні Шәмші, Жүмекен үшеуіміз



сынақ алды. Бізбен қоштасып тұрып, маған иегін ұмсынта қарап:

— Сіз, Ғаббас жолдас, макеттің мастері екенсіз, қай гәзеттен келдіңіз? — деді.

— Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» гәзетінен, — дедім.

— Ә, Мұқан Әбуғалиевтың кадры екенсіз ғой?

— Иә, сол кісінің кадрымын.

— Қызметіңіз?

— Жауапты хатшымын.

— Мені сыртта тоса тұрсаңыз, әңгімелеселік, — деді.

Екеуіміздің әңгімесіміз «Жетісу» газеті редакциясына, жауапты хатшының

жазушы емеспін ғой?

— Барып көрсенші, тоныңды шешіп алмас. Бар, редакторы Нығмет Ғабдуллин деген жазушы, жақсы адам, тура өзіне барып сөйлес, мен де сөйлесейін.

— Жүмекен, ей, сен қызық екенсін? — дедім шын танданып.

— Ғабекесі, ей, сен де қызық екенсін, облыстық гәзеттер аптасына бес рет, ал «Қазақ әдебиет» бір рет шығады, жан тыныштығыңды білмейтін! — деді.

Үнінен реніш табы аңғарылды.

— Жарайды, барып көрейін, — дедім.

— Сөйт, молодец! — деп Жүмекен жайдарылана қалды...

Әдеби апталығымызға бардық. Бас редакторы жазушы Нығмет Ғабдуллин жайдары жан екен. Қысқасы: «Қай күні келесіз, сол күні жұмысқа алынасыз, тезірек келерсіз», — деді.

Сөйтіп алматылық болдым. Екі сазгер, екі акын достарыммен табысып, небір сәулелі сәттерімізге сүйініп, мәре-сәре болып жүрдік. Мені: Шәмші «Ғаба-Ғабеке», Жүмекен «Ғабекесі», Әсет «Ғаб-аға», Сабырхан «Шал» дейтін...

Бір күні, 1973 жылдың маусымы, Шәмші екеуіміз Жазушылар одағының ғимаратына кіре бергенімізде Сыр-аға, акын Сырбай Мәуленов, қарсы ұшырасты. Біз жарыса сәлем бердік. Сыр-аға:

— Ұзынды-қысқалы боп екеуің қайда келе жатырсыңдар? — деп кенкілдеп күлді.

— Сыра-аға, біз сияқты есті жігіттер мұнда талтүсте қыз-қырқын іздеуге келмейді ғой, біз одан гөрі маңызды бір шаруамен «Қазақ әдебиетіне» келе жатырмыз, — деді Шәмші ойнақы үнмен.

— Солай ма? Дұрыс! Айтпақшы, сен ішкенді қойғаннан кейін жақсы әнді сиреттің, шабыт шақыру үшін анда-санда жүз грамды қағып тастап жүрсенші! — деді Сыр-аға, тағы кенкілдеп күліп, қолын Шәмшінің иығына артып. Шәмші маған қарап:



Шәмші, Жүмекен үшеуіміз



емес-ау, басымнан өткеріп жүрмін ғой, егер мені бөтен біреу көше бойында көре қалса: «Мынау жігіттің есі дұрыс емес шығар, күбірлеп, ыңылдап, қолын тербелтіп барады» деп ойлар еді. Мен ондай ештеңемді сезбеймін. Жолдастарым айтады. Бұл әуен іздеу дегенін, «бақсы жынын шақырады» сияқты бірдене шығар, ал арғы жағын өзің жобалай бер, — деді...

Бір жолы: Шәмші, Әсет, Сабырхан төртеуіміз әдегімізше әзіл-қалжыңымызды жарыстырып, күлкінің түндігін желпілдетіп отырған кезіміздің бір сәтінде сөз ыңғайына қарай мен:

— Әй, данышпандар, қайсысына қандай орден, медаль қажет, қәне, айта қойыңдар! — дедім.

— Ғаба-Ғабеке, бір тақыр кедей шал өзіндей пақыр құрдасы үйіне келе қалғанда: «Саған тайлақ сойып берсем қайтәді?» деген екен, сен соған ұқсадың, — деп Шәмші әзілге шапшаң да жүйріктігіне бізді тағы бір тәнді етіп ду күлдірді де, сылқылын тежеп: — Сол пәлелердің маған көк тиянға керегі жоқ, дипломсыз да тірі жүрмін ғой? — деп және күлдірді.

қаланың (Алматының) Мәдениет және демалыс саябағында серуен құрып жүрдік. Бір мезетте Шәмші тоқтай қалды да, жанымыздан қиыс өте берген бозбала қазаққа:

— Әй, інішек, тым асығыс емессің бе, бері келші! — деді. Жігіт жалт қарап тоқтап, бізге келіп сәлем берді. Шәкен мен Жүмекен сәл танданыспен кезек-кезек қарады. Танығаны.

Шәкен мен ұстап жүрген фотоаппаратты нұсқай сөйлеп, жігітке:

— Мына ойыншықпен әуестігің бар ма? — деді.

— Бар, — деді жігіт сыпайы жымыып.

— Ендеше, Ғаба-Ғабеке, бере ғой.

Үшеуіміздің сурет-бейнесіміз тарихта қалмаса да, үйдегі фотоальбомда қалсын, — деді.

— Шәкен тарихи пікір айтты, — деп Жүмекен жымындады.

Шәмшіні ортаға ала суретке түстік. Бейтаныс інімізге рахмет айттық.

Наурызым - жыл басы, мерекем!



Жетісуда

Алматы облысының тұрғындары пандемиядан кейін араға екі жыл салып, Наурыз мейрамын айрықша ықыласпен атап өтті. Ұлыстың ұлы күнін тойлауға келген халықтың қарасы қалың болды. Облыс әкімі Қанат Бозымбаев барша жетісулықтарды Наурыз мейрамымен құттықтап, ізгі тілегін жолдады.

Мерекенің негізгі бөлігі «Жастар» спорт сарайы мен «Жастар» мәдениет және демалыс саябағы аумағында өтті. Киіз үйлер мен басқармалардың, мекемелер мен бірлестіктердің шатырлары тігіліп, ырыс шалқып, ұлттық тағамдар қонақтарға ұсынылды. 2000 литр наурыз көже таратылды. Түрлі қайырымдылық акциялары өткізілді. Камшы өру, қыш жасау, қолөнер шеберлері, ұлттық тағам аспаздары көктемгі күн мен түннің теңелуіне арналған жұмыстарын жұрт назарына ұсынды.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



Атырауда

Күн мен түн теңесіп, дүние жаңарып, көңілді жадыратқан Әз Наурыз мерекесі биыл Атырауда театр алаңында аталып өтті. Шараға облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетов қатысып, жиналған қауымды мерекемен құттықтады. Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры театрландырылған қойылым көрсетіп, Наурыз тойының мән-мағынасын сахнада айшықтады. Қала тұрғындарына арналған гала-концерт жұрттың көңілін көтерді. Ел ағалары бата беріп, ел амандығын тілесті. Одан кейінгі мерекелік шара Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен өткен концертке ұласты. Ұлттық ойын түрлерінің ұйымдастырылуы мен наурыз-қоржынның балаларға үлестірілуі де наурыз нақыштарын одан әрі мәндірек еткендей.

Нүргүл НАСЫР,
Атырау облысы



Шымкентте

Үшінші мегаполисте жыл сайын 13-23 наурыз аралығында он күн бойы әр түрлі атаумен тойланатын ұлттық мереке нағыз Наурыз-думанға айналады. Қыдыр ата бастаған Наурыз-керуен қаланың әр тарапында жар салып, халықпен кездесті. «Қош келдің, Наурыз!» керуені халықтың көңілін көтеріп, мерекелік шараларды таныстыру үшін жолға шықты.

«Шымқала» этноауылы қазақы дәстүрге сай безендіріліп, киіз үйлер тігіліп, ұлттық тағамдар әзірленді. Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов барша тұрғындарды Әз Наурыз мейрамымен құттықтады. Шаһар басшысы кішкентай бүлдіршіндердің тұсауын кесіп, ақ жол тіледі.

Өткен іс-шаралардың бәрі де келушілерге мерекелік көтеріңкі көңіл-күй, айрықша әсер сыйлағаны сөзсіз.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы



Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нүргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1070;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ай-Астана» аумақтық бөлімдерінде бар.

Jas qazaq газеті «Қараған», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңсіріштерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.